

## Лекция №12.

### Тақырыбы: Өлшемдер.

Өлшемдерді, ену рұқсаты және шығару сызықтарын орнату әрекеті **Dimension** (Өлшемдер) мәзірінің бұйрықтарымен және **Dimension** (Өлшемдер) құралдар тақтасының батырмаларының көмегімен орындалады.

#### Dimension құралдар тақтасы

**Ұзындық өлшемі (DIMLINEAR)** – көлденеңінен, тігінен немесе бұрылған өлшемдерді құрады.

 **Параллельді өлшем (DIMALIGNED)**

**Базалық өлшемдер (DIMBASELINE)** – алдыңғы өлшемнен алынған екінші сызықтың жалғасқан сызық өлшемі болып табылады

**Базалық өлшемдер (DIMBASELINE)** – алдыңғы өлшемнен алынған екінші сызықтың жалғасқан сызық өлшемі болып табылады

**Өлшемдік шынжыр (DIMCONTINUE)** бірінен кейін бірі жалғасатын сызықтық өлшемдер тобын құруға мүмкіндік береді.

**Диаметрлі өлшем (DIMDIAMETER)** – шеңбердің немесе доғаның диаметрін құрады.

**Радиусты өлшем (DIMRADIUS)** – шеңбердің немесе доғаның радиусын құру.

**Бұрыштық өлшем (DIMANGULAR)** – параллель емес екі сызықтың немесе төбелерден және екі басқа нүктелерден құрылған, доғаның арасындағы бұрышты көрсететін доғаны құру.

**Жылдам өлшемі (QDIM)** – бір типті өлшемдер тобын немесе базалық өлшемдер мен өлшемдікті тез құру үшін арналған

**Тез шығару (QLEADER)** сынықтан не тегіс шығару сызығынан немесе нұсқағыштардан басталатын (немесе басқа күйге келтірілген символдардан) және бір не бірнеше

мәтін жолдарынан немесе мультимәтіндермен аяқталатын, бірнеше сегменттерден тұратын бір атаулы қарапайым шығаруларды тұрғызады.

**Ординаттық өлшем (DIMORDINATE)** көрсетілген нүктенің абцисса немесе ордината мәндері орнатылған шығаруларды құруға мүмкіндік береді.

Опциясы:

**X мәні (Xdatum)** – шығарылған сызық соңының тұрған жеріне қарамастан абсцисса шығаруын береді;

**У мәні (Ydatum)** – шығарылған сызық соңының тұрған жеріне қарамастан ордината шығаруын береді;

**Бұрыш (Angle)** – шығару жазбасының бұрышын беру;

**Мәтін (Text)** – шығарудың жаңа мәтінін енгізу;

**Ммәтін (Mtext)** – мультимәтін мүмкіндіктерін қолданып, шығарудың жаңа мәтінін енгізу.